

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде N 3058

1. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы (қоса беріліп отыр) мақұлданын.

2. Тұжырымдаманың мәтіні "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде жариялау үшін ҚазТАГ-қа және "Қазақстан мұғалімі", "Учитель Казахстана" газеттерінде жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне жіберілсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасын жеке басылыммен мемлекеттік тілде және орыс тілінде шығарсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Одобрена
Президентінің 1996 жылғы распоряжением Президента
15 шілдедегі N 3058 өкімімен Республики Казахстан от
мақұлданған 15 июля 1996 г. N 3058

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес
Национальный совет по Государственной политике
при Президента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени
білім тұжырымдамасы туралы
Концепция этнокультурного образования
в Республике Казахстан

Алматы, 1996

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени
білім тұжырымдамасы
Стратегия

Қазақстан Республикасы демократиялық реформаларға, адамның қандай ұлтқа жататынына қарамастан, оның құқықтары мен бостандығын тануға, этникалық немесе нәсілдік белгісіне қарап кемсітушілікке жол бермеуге бағыт ұстап отыр. Конституциямен бекітілген ұлттардың тең құқықтылығы жеке адам құқықтарының басымдығы принципінен бастау алып, этносаралық тұрақтылықтың сақталуына, қазақстандық патриотизмнің тамыр жаюына, халықтың этникалық қайта түлеуіне

бағытталады. Сондықтан этникалық теріс түсініктер мен тайталас, этникалық артықшылық идеялары мемлекеттік мүдделерге қайшылық ретінде бағаланады.

Қазақстанның ерекшелігі халқының көп этникалық және көп дінді құрамымен айқындалады. Республикада көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Олардың кейбірі тығыз шоғырланған, мұның өзі Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени көп қырлылығы мен ерекшелігін күшейте түседі. Елдің халқы мәдени-тілдік өзгешелігі бойынша тұтас алғанда қатынастық мәні мен таралуы жағынан өзара тең емес екі тілдің - мемлекеттік және орыс тілдерінің біреуіне басым бағыт алуына қарай бөлінеді. Мұның сыртында, бірнеше ұлттық топ өкілдерінің өзіндік этникалық мемлекеттілігі жоқ, ал бұл елдің оларға тән төл мәдениетті сақтауға деген жауапкершілігін арттыра түседі. Осындай жағдайда этникалық мәдениеттерді қалпына келтіру мен дамытуға және олардың арасында жалпыұлттық бірлік мүддесіндегі өзара іс-характертерге мүмкіндік туғызудың маңызы зор.

Сондықтан мемлекеттің этникалық-әлеуметтік ахуалды тұтас және оның жекелеген қырларынан пайымдайтын этносаралық қатынастар саласындағы ресми саясатын жасау өзекті мәселеге айналады. Білім беру саласында халықтың этникалық-мәдени мүдделерін іске асыру тұжырымдамасы оның бір бөлігі болуға тиіс. Бұл тұжырымдаманың негізгі идеясы этникалық топтардың өзіндік ерекшелігін сақтауға, сонымен бірге өзге мәдениеттердің құндылықтары мен қалыптарын игеруге бағытталған білім беру үлгісін жасау болып табылады. Мұнымен қатар этникалық сәйкестіліктің жоғалып кетпеуі және жалпымемлекеттік құндылықтардың қабылдануының қамтамасыз етілуі ерекше маңызды.

Этникалық-мәдени білім тұжырымдамасының өте-мөте қажеттілігі, сондай-ақ өтпелі кезеңдегі білім беру жүйесіндегі дағдарыстан да туындайды. Оқыту мен тәрбие беру мазмұнын бір ізге түсіру елдің ұлт пен ұлттық топтарының этникалық-мәдени қажеттерінің қанағаттандырылмауына әкеп соқты.

Этникалық-мәдени білім стратегиясы өзара байланысты екі мақсатты: этникалық сәйкестендіру мен мемлекеттік интеграцияны жүзеге асыруға бағытталады.

Халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құрылады. Ол ұлттың азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады.

Этникалық-мәдени сәйкестілік жағдайына халықтың өзі тудырған әлеуметтік-жүйе арқылы қол жетеді. Оған отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, журналдар мен газеттер, көркем және ғылыми әдебиет, ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады.

Мемлекеттік интеграция - Этникалық-мәдени білім берудің іргелі және стратегиялық мақсаты. Егер жекелеген халық этникалық сәйкестілікке біршама қысқа мерзімде жете алатын болса, мемлекеттік интеграцияға қол жеткізу - мемлекеттегі

барлық этностардың күш-жігерін қажет ететін ұзақ процес. Сайып келгенде, мемлекеттіліктің нақ өзі Қазақстанды мекендеген халықтардың этникалық сәйкестілік мүмкіндігінің негізгі шарты болып табылады.

Этникалық-мәдени және мемлекеттік сәйкестілікке білім беру жүйесі арқылы барынша тиімді қол жеткізуге болады.

Білім беру - ұлттық сапаны қалыптастырудың, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асырудың құралы ретінде мынадай басты төрт функцияны атқаруға тиіс:

- таратушылық (этникалық-ұлттық қоғамдастықтың тұтастығы мен жаңғыруын қ а м т а м а с ы з е т у) ;

- дамытушылық (ұлттық сананы қалыптастыру және дамыту);

- саралаушылық (адамның, этникалық топтардың ұлттық-мәдени қажеттіліктерін а й қ ы н д а у) ;

- ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, өзара кірігуін, өзара байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне байлауын қ а м т а м а с ы з е т у) .

Білімді адам ғана тарихи және мәдени дәстүрлерді ұстана алады. Ол өзінің белгілі бір қауымдастық пен халыққа қатыстылығын сезінеді, оның бойында мәдени қажеттіліктер: адамгершілікке, ойлы іс-әрекетке, сұлулыққа, жоғары-рухани бастауларға құлшыныс қалыптасады.

Білім берудің тағы бір талабы - өзге мәдениетті түсіну және қабылдай білу. Мәдениеттердің өзара байланысы, бір-біріне ықпалдастығы жағдайында ғана әрбір жекелеген мәдениеттің принциптері мен ерекшеліктері айқын танылады.

Этникалық-мәдени білім - бұл ана тілі мен төл мәдениетті әлемдік мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этникалық-мәдени сәйкестілігін сақтауға б а ғ ы т т а л ғ а н б і л і м .

Этникалық-мәдени білім идеясын қабылдау - мәдени және лингвистикалық плюрализм идеясына негізделген, білімді техникалық және ақпараттық жағынан байытудың әлемдік деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін оқыту мен тәрбиелеудің ұлттық жүйесін құруды білдіреді.

Аталған идеяны жүзеге асырудың негізгі шарттары мыналар болып табылады: білім берумен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту; жеке тұлға үшін ана тілі мен төл мәдениеттің сөзсіз басымдылығын тану және оны қамтамасыз ету; білім беруді демократияландыру; білім берудің меншіктік түрі жөнінен де, этникалық-мәдени мүдделерді жүзеге асыру арналарының сан алуандығы жағынан да көп түрлілігі мен оңтайлылығы; білім беру қызметтерінің жалпыға бірдей пұрсаттылығы мен жіктелгендігі, ұлттық білім беру жүйесінің осы салаға қатысты дүниежүзілік тәжірибедегі бүкіл озық атаулыға ашықтығы мен икемділігі; жеке адам мен қоғамның этникалық-мәдени қажеттерін іске асыруға бағытталған білім беру қызметінің үздіксіздігі; білім беру жүйесін этникалық-мәдени мүдделер саласындағы қызметтерге

сұраныстарды анықтауға және қанағаттандыруға мақсатты түрде бағыттау; мемлекеттік біртұтас бағдарлама негізінде аталған проблема бойынша халықтың этникалық құрамының ерекшеліктері ескерілген аймақтық бағдарламалардың болуы.

Мұнымен қатар мынадай негізгі принциптерді басшылыққа алу маңызды:

- этникалық және тілдік топтарға білім беру қызметтерін көрсету саласына саяси партиялардың, өзге де қоғамдық, оның ішінде діни бірлестіктердің, жеке адамдардың қатысуы заң шеңберлерімен шектеулі болуға тиіс;
- ұлттар мен ұлттық топтардың білім беру саласындағы этникалық-мәдени сұраныстарын қанағаттандыруда іс жүзіндегі тек құқықтылығының қамтамасыз етілуі;
- жеке адамның этникалық-мәдени сұраныстарының қоғам мүдделерінен, "қажеттілік" пайымдауларынан басымдығы туралы ереженің түсінілуі және қабылдануы ;
- мемлекеттік саясаттың қоғамда Қазақстанның прогресі мен гүлденуінің маңызды шарты ретінде этникалық-мәдени келісімді қамтамасыз ету негізінде іске асуы;
- интернационалдық мәдениеттің аса маңызды құндылықтары: бірігу мен ұлтаралық татулықтың, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының және тағы басқалардың п р а к т и к а ғ а е н г і з і л у і ;
- білім беру ісін - білім дарыту мен кадрларды кәсіби даярлаудың тетігі ретінде емес , түптеп келгенде, мәдениет түзуші институт, жеке тұлғаның адамға, ұлтқа тән ерекшеліктерді сақтап, дамытудың құралы ретінде қараудың жүзеге асуы;
- білім беру мен мектепті саясаттандырудан, идеологияландырудан қорғау тетігінің ә з і р л е н у і м е н е н г і з і л у і ;
- проблеманы шешудің бағдарламалы және кешенді жолдарының, көп ұлтты мәдени болмыстың күрделі процестерінің әртүрлі жақтарының ескерілуі.

Этникалық-мәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде мыналар ұсынылады:

- жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу: тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдайлар жасау. Мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар ұстау;
- көп тілді жеке адамды қалыптастыру: ана тілінде, мемлекеттік және орыс тілдерінде еркін ұғынысуға қабылетті азаматтарды даярлау. Сол арқылы өзі этникалық тобына қатысты да, мемлекетіне қатысты да "бірдей адалдық" үлгісін іске асыру. Нақты практикада үш, төрт, одан да көп тілдерді тиімді меңгеру туралы сөз қозғалуы м ү м к і н .

Қазақстанда этникалық-мәдени білім жүйесін қалыптастыруға қажетті алғышарт этникалық-мәдени білім кеңістігін құру болып табылады.

Жан-жақты мәдениетті тұлға

Өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға деп ұғынылады. Төл мәдениетті терең білу ол үшін - басқа мәдениеттерге қызығушылықтың іргетасын қаласа, көп мәдениетпен танысу - рухани баю мен

д а м у д ы ң

н е г і з і

б о л а д ы .

Сонымен бірге, жеке тұлға өз ұлтының мәдениеті мен тілін қажетсіне ме, оларды меңгеруге ұмтылысы, өзін өз халқына сәйкестендіруге ықыласы бар ма деген мәселе де өте маңызды. Мемлекет осы үш фактордың әрқайсысын қалыптастырудың нақты жолдарын қарастыруға, тұлғаны ана тілі мен төл мәдениетті меңгеруге ынталандырып, жан-жақты жәрдем көрсетуге тиіс. Алайда жеке адамның өз айқындамасы шешуші маңызға ие .

Жан-жақты мәдениетті тұлға, ең алдымен, тұтас дүниетанымға ие болуы қажет. Бұл мұндай тұлғаның дүниедегі, әлеуметтік орта мен мәдениеттегі байланыстары мен қатынастарының күрделі, өзара байланысты және өзара астарлас сипатын көрсетуге мүмкіндік беретін білімі мен білігінің жүйеге қалыптасқанын білдіреді. Тұтастық - жоғары дамыған және тиімді оңтайланған дүниетанымның өлшемі.

Жан-жақты мәдениетті тұлға - кемел лингвистикалық сана иесі. Ана тілі мен мемлекеттік тілді білу, шетел тілдерін үйрену тұлғаның дүниетанымын кеңейтеді, оның сан қырлы дамуына жол ашады, сабырлылық пен дүниені байыпты және кең ауқымда тану дағдысын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Жан-жақты мәдениетті тұлға - бедерлі тарихи сана иесі. Нақ осы тарихи сана этникалық та, жалпымемлекеттік те сананың негізі болып табылады. Ұлттық менталитетті, этностың мыңдаған жылдық тарихында қалыптасқан аңыздарды, нышандарды, бейнелерді, ұғымдарды тек халық тарихын білу арқылы ғана тануға болады. Елді қоныстанған халықтардың тарихын, мемлекет тарихын білу тарихи сабақтастықты, тарихи тамырды, атамекен шежіресіне қатыстылықты, талай жылдар мен ғасырлардан бері қоян-қолтық өмір сүріп келе жатқан халықтар тағдырының ортақтығын тану сезімін туғызады.

Мұндай ауқымды сана әлемдік және отандық тарих үздіксіз соғыстардың, шапқыншылықтар мен жаугершіліктердің тарихи сипатында емес, сауда мен қол өнерінің, қалалар мен жолдар құрылыстарының тарихы, этносаралық байланыстардың, мәдениеттер алмасуының, әулетарлық некелер, т.б. тарихы сипатында оқытылса пайда болады. Мәселен, бұл тұрғыда "Ұлы Жібек жолының тарихы" барынша үлгі болар еді.

Қазақстан тарихы тарихи сананы этникалық тұрғыда да және жалпы мемлекеттік тұрғыда да қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігімен маңызды. Ол осынау көне жерде өмір сүрген, қазір де сүріп жатқан барлық халықтардың тарихы ретінде қабылданып, ешқандай кінәратсыз, бұрмалаусыз, толыққанды көрсетілуі керек.

Тарихты зерттеуде мәдениет тарихы айрықша орын алуға тиіс. Бұл пән жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыру міндеттеріне өте-мөте жоғары дәрежеде сай келеді. Егер ол өнер тарихы ретінде, дүниежүзілік және ұлттық философия тарихы, дәстүрлер мен ғұрыптар тарихы, ұлттық киімі мен сән-салтанат, т.б. тарихы ретінде оқытылса, онда ұлттық және дүниежүзілік мәдениетті қастерлейтін және білетін сан қырлы рухани жетілген тұлғаны тәрбиелеуге өріс ашады.

Мемлекеттік білім беру саласы діни сананы қалыптастыруды мақсат тұтпайды, бірақ әлемдік дін тарихынан білім беруге хақылы. Дін - халық рухының ажырамас бөлігі, адамгершілік және эстетикалық маңызы зор діни құндылықтардан хабарсыз халықтың білімі шала, кем болады. Мұның үстіне әлемдік дін тарихына ден қоюы біздің мемлекетімізде тұратын көптеген халықтардың адамгершілік құлшыныстарының, рухани ізденістерінің, эстетикалық нормаларының алуан түрлілігін ғана емес, сонымен бірге ортақтастығын да көрсетсе керек.

Жан-жақты мәдениетті тұлға тарихи санамен қатар айқын географиялық санамен, ғаламдық, экологиялық санамен, сонымен бірге туған өлке, кіші отан, туған жер, туған шаңырақ санасымен қарулануға тиіс. Бұл сананы география ғана емес, сонымен қатар елтану, этнография, экологиялық пәндер де қалыптастырады, өйткені бұлар мағыналық бағыттылығы жағынан этнос пен мәдениет проблемаларымен, этникалық-мәдени білімге тән сақтау-қорғау дәстүрлерімен өзектес болғандықтан да ерекше маңызға ие. Әңгіме ғылым мен білімнің мәдениет экологиясы, этнос экологиясы, адам экологиясы, жан дүние экологиясы, адамгершілік экологиясы, тағы сол сияқты жаңа бағыттары туралы болып отыр. Олар жан-жақты мәдениетті тұлғаның Жерді ортақ мекен, Қазақстанды ортақ отан есебінде жақсы көру сезімі, ортақ үй мен елдің табиғатына деген жауапкершілік сезімі секілді қасиеттерін айқындайды.

Жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға бұл арада аталмаған пәндер де үлес қосуға тиіс. Мысалы, жаратылыс тану ғылымдарын оқытқанда Қазақстанға қатысты дәйектер мен құбылыстарға көңіл аудару қажет, әсіресе, бұл ғылымдарды дамытуға Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесіне ерекше ден қойған ләзім. Бұл қазақстандық патриотизм сезімін де, халыққа, этносқа деген мақтаныш сезімін де қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жан-жақты мәдениетті тұлға барынша айқын көркемдік - эстетикалық сананың: ұшқыр қиял мен нәзік сезімнің, әсемдікке құштарлық пен әдемілікті бағалай білетін қасиеттің, театр, кино, теледидар, әдебиет, музыка, кескіндеме сабақтары дарытатын көркем талғамның, өнер туындыларын түсіне алатын қабілеттің иесі болуға тиіс.

Көркемдік-эстетикалық сананың ерекшелігі оның өз болмысын әдетте көркем шығармашылық дағдыда: саз аспаптарында ойнағанда, ән салғанда, сурет салғанда, т.б. сәттерде айқын көрсетуінде. Сондықтан ол этникалық-мәдени білім мақсаттарына барынша сай келеді. Оның қалыптасуы тұлғаға өз халқының мәдениетіне тікелей қатыстылығын сезінуге мүмкіндік береді, ұлттық сәйкестілікке ерекше рең қосады.

Жан-жақты мәдениетті тұлғаны кемелдендіруші сананың бірі мемлекетте Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, басқа нормативтік құқықтық актілерін сақтау мен қолданудың бүкіл тәжірибесінен, сол секілді азаматтардың осы негізде бекітілген құқықтары мен бостандықтары сақталуының нақты жағдайынан туындайтын жеке адамның құқықтық санасы болуға тиіс.

Қазақстан азаматының этникалық-мәдени білім жүйесіндегі жеке құқықтық

санасының басты мақсаттағы сипатының бірі - әрбір тұлғаның белгілі бір ұлтқа қатыстылығы оған ешқандай айрықша құқық пен бостандық қосып-алмайтыны жөніндегі Қазақстан мемлекеттігінің объективті факторын жеке ұғынуы болып табылады. Шын мәніндегі Қазақстан патриоты қай ұлттың болсын азаматынан өзіне тең тұлғаны көреді.

Этникалық-мәдени білім кеңістігі

Этникалық-мәдени кеңістік дегеніміз этникалық мәдениеттердің дамуына қажетті мәдени құнар мен ұлттық мәдени қауымдастықтарды дамытатын материалдық жағдай бо л ы п т а б ы л а д ы .

Этникалық-мәдени кеңістік, бір жағынан, этникалық-мәдени білім үшін қажетті жағдай болса, екінші жағынан оның жекелеген белгілері этникалық-мәдени білімнің ө з і н е с е л е й т ү с е д і .

Этникалық-мәдени білім кеңістігі - бұл отбасы, ана тәрбиесі, мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, жоғары оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, үйірмелер мен курстар. Құрылымдық жағынан ол өзара табиғи байланысты мынадай үш саладан тұруға тиіс: оқу орындарында білім беру (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары және т.б.), оқу орындарынан тыс білім беру (курстар, кітапханалар, радио және т.б.), биресми білім беру (отбасында оқыту және тәрбиелеу, достармен, көршілермен қ а р ы м - қ а т ы н а с , т . б .).

Бұл топтастыруға қосымша этникалық-мәдени білімнің өзара байланыстағы жүйелі, қисынды үш түрін атауға болады. Олар: білімнің кіріспесі, оқыту, практикаға бойлау. Осы екі жағдайды ұштастыра келіп, тұжырымдамалық шешім ретінде этникалық-мәдени білімнің мазмұндық мағынадағы келесі құрылымын ұсынуға болады .

I. Білімнің кіріспесінде этникалық сәйкестендіру проблемасын шешуге алғашқы талпыныс жасалады. Бұл жағдайдағы этникалық-мәдени білім кеңістігі - ол отбасындағы хал-ахуал. Халықтың тарихымен, оның мәдениетімен, ұлттық ғұрыптарымен, салттарымен алғашқы таныстық басталады. Ұлттықты түйсіну халықтың ауыз әдебиеті: ертегілер, әндер, аңыздар және басқалары арқылы жүзеге а с а д ы .

Баланы ата-анасымен, тума-туыстарымен, әулет тегімен, этникасымен етене жақындатып, бабаларына деген мақтаныш, құрмет тұту, қайран қалу әсерлерін туғызатын этникалық өзін-өзі сәйкестендірудің алғышарттарын жасаумен қатар, басқаны да естен шығармау керек. Тандану мен мақтаныш көп жағдайда өзге мәдениеттерді, этностарды білмеушілікпен, не оларды кемсітумен немесе оларға деген теріс көзқараспен байланысты астамсу сезіміне айналмауға тиіс. Этникалық таптаурын түсініктерден арылуға ерекше көңіл аудару керек.

Өз халқына деген сүйіспеншілік осы халық өмір сүретін мекенге деген сүйіспеншілікпен үйлесімді түрде астасып жатуға тиіс. Этникалық-мәдени білім

берудің бұл орайдағы негізгі міндеті - балалар өздерін "қазақстандықпын" деп атағанда, олардың заңды мақтаныш сезіміне бөленуіне қол жеткізу.

II. Этникалық-мәдени білімнің негізгі бөлігі - оқу орындарында білім беру. Мұндағы басты міндет - оқыту. Этникалық-мәдени білім беру балабақшаларда, мектептерде, жоғары және арнаулы орта оқу орындарында жүзеге асырылады. Оның міндетті шарты - көп тілділік, ана тілі мен мемлекеттік тілді үйренудің қажеттілігі.

Бұл жағдайда этникалық-мәдени білім кеңістігі қандай пәндер жүретініне, олардың қай тілде оқытылатынына және білім мазмұнына байланысты құрылады.

Ана тілдері мен мемлекеттік тіл балабақшадан бастап-ақ оқу мен қатынас құралдарына айналуға тиіс. Бұл арада мемлекеттік тілді қатынас тіліне айналдырудың

м а ң ы з ы

з о р .

Этникалық-мәдени білім кеңістігі мектептерде барынша тиімді құрыла алады. Оқытудың негізгі тілдері - мемлекеттік және орыс тілдері. Бұдан басқа қалағандардың бәріне ана тілін, әдебиетін, тарихын қосымша оқытуға мүмкіндік беріледі.

Жергілікті жерде этникалық топтардың жинақы қоныстанған орындарында мектептердің негізгі түрлерімен қоса, пәндерді ана тілінде оқытатын және бастауыш кластан бастап соңғы кластарға дейін мемлекеттік тілді тереңдете оқытатын мектептер

а ш ы л у ы

м ү м к і н .

Сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарындағы этникалық-мәдени білім кеңістігі де оқытылатын курстардың тілі мен мазмұны арқылы құрылады. Мұндағы білімнің аса маңыздылығы, оларда кейін балабақшалар мен мектептерде этникалық-мәдени білім кеңістігін құруға тікелей атсалысатын мамандар даярланатындығында. Сондықтан тұжырымдаманы жүзеге асыру барысында пединституттарға, мәдениет оқу орындарына, университеттерге ерекше назар аудару

к е р е к .

III. Этникалық-мәдени білім беру жүйесінде оқу орындарынан тыс білім берудің және практикаға бойлаудың орны ерекше. Олар, сөз жоқ, оқу орындарында білім берудің де алдында тұрған этникалық-мәдени білімді тұлғаның нақтылы қажеттілігіне жақындату міндетін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда этникалық-мәдени білім кеңістігін ұлттық-мәдени орталықтар, мектептердегі, мәдениет сарайларындағы, оқу орындарындағы, басқа ұйымдардағы үйірмелер мен курстар құрайды. Мұнымен қатар, этникалық-мәдени білім кеңістігі теле радио хабарлары, газет пен журналдар жарияланымдары арқылы да құрыла алады.

Оқыту мекемелері және отбасымен қатар кітаптар, оқулықтар, арнаулы журналдар, оқу фильмдері мен хабарлары этникалық-мәдени білім кеңістігін кеңейте түседі.

Тактика

Этникалық-мәдени білім беру мақсатын іске асыру үшін этникалық-мәдени білім кеңістігін құру керек, мұның өзі мемлекеттік құрылымдардан айтарлықтай күш-жігер жұмсауды, оның ішінде ұйымдастыру, қаржыландыру және басқа мәселелерді қажет

е т е д і .

Этникалық-мәдени білім беруді қолға алуға байланысты білім беру жүйесінің кең көлемді реформасы ғылымның қолдауынсыз тиімді бола алмайды. Сондықтан этнопсихология, этнопедагогика, этнология және диаспорология секілді ғылыми пәндердің қалыптасуы үшін мемлекет тарапынан игі ықпал жасалуға тиіс.

Мына проблемалар бойынша байыпты зерттеулер мен нақтылы ұсыныстар қажет:

- білім беру саласындағы ұлттық қатынастарды реттеу де өкімет органдарының, білім беру мен ғылыми мекемелердің, оқу орындарының, ұлттық-мәдени орталықтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың, саяси партиялардың күш - жігерін біріктіру;

- ғылыми-техникалық прогресс, өмір салтын өзгерту жағдайында халықтардың этникалық-мәдени ерекшелігін сақтау, ұлттық мәдениеттің мәдени ассимиляцияға қарсы тұратын этникалық қорғаныс функциясын дамыту;

- этносаралық бейімделуді қалыптастыру тетігінің педагогикалық және психологиялық аспектілерін жасау;

- этностардың лингвистикалық-этникалық қажеттіліктерін ескеру мен қанағаттандыру және т.б.

Мәдениетнамалық зерттеулерде негізгі күш-жігер ұлттық мәдениет құндылықтарын оқып-үйрену мен насихаттауға және оның мұраларының жалпы әлемдік мәдениеттің дамуындағы демократиялық үрдістермен кірігуі үшін жұмсалуға тиіс.

Этникалық-мәдени білім берудің қалыптасуын нақты ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету үшін университеттер жанынан осы проблемалар бойынша ғылыми зерттеу лабораторияларын құруды қарастыру қажет. Білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық және басшы кадрлардың мамандығын жетілдіретін арнаулы кафедралар ашқан жөн. Стратегиялық зерттеулер институтының жанынан этникалық проблемаларды зерттеп, Президентке, Парламентке және Үкіметке болжамдар мен ұсыныстар жасап отыратын этносаясаттану орталығын құруға болады.

Жұмысты үйлестіру мақсатында Үкімет жанынан Гуманитарлық және этникалық-мәдени білім берудің қоғамдық орталығын ашқан дұрыс болар еді.

Этникалық-мәдени білім берудің қалыптасуы, Қазақстан диаспораларының этникалық-мәдени білім алу қажеттілігін қанағаттандыру бірқатар шет елдермен күш-жігер біріктіруді талап етеді. Ресеймен, Өзбекстанмен, Украинамен, Германиямен, Кореямен, Польшамен және тағы басқа елдермен студенттер, оқытушылар алмасу жөнінде екі жақты шарттар жасасқан дұрыс. Бұл елдер ұлт тілдерінің оқытушыларын, пән мұғалімдерін, тәрбиешілерді даярлай алар еді.

Осы мемлекеттердің қатысуымен Қазақстанда этникалық-мәдени білім беру мақсаттарымен жүзеге асырумен қатар, қазақ халқының мәдениеті мен тілін әлемнің түрлі елдеріне таратуға көмектесетін Шығыс, Славян, Неміс, т.б. университеттерді ашуға болар еді.

ЮНЕСКО-мен, аз санды халықтардың тілдері жөніндегі Еуропалық бюромен, Квебектегі /Канада/ қостілділік проблемаларын зерттеудің Халықаралық орталығымен байланыс орнатудың және оны дамытудың, "Халықаралық мектептер ассоциациясының" /Женева/, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының жұмысына қатысудың маңызы зор.

Әлемде жинақталған қостілді білім беруді енгізу жөніндегі оң тәжірибелерді пайдалану керек. АҚШ-та, мысалы, "Қос тілде білім беру туралы" федералдық заң қабылданған. Еуропалық экономикалық қауымдастық Еуропада қос тілде оқытатын мектептер құрды.

Этникалық-мәдени білім беру жүйесіне көшу - бір сәттік шара емес, өзіндік кезеңі бер ұзаққа созылатын үрдіс. Білім беру жүйесінің қайта бейімделуін әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайды ескере отырып, алыс болашақты көздейтін шартты түрде үш негізгі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші, дайындық кезеңінде этникалық-мәдени білім беру кеңістігін қалыптастыру үшін барлық алдын ала ұйымдастырылатын жағдайларды жасау қажет болады. Бұл - Қазақстан этностарының мәдени бостандықтары мен құқықтарын қамтамасыз ету және мәдени тарихи мұраларын қорғау жөнінде заң актілерін әзірлеу. Елімізде тұратын этностардың тілі мен мәдениетін сақтаудың, жаңғыртудың және дамытудың арнаулы мемлекеттік бағдарламасын қабылдау. Екі және көпжақты мемлекеттік келісімдерді және этникалық-мәдени білім беру проблемалары бойынша халықаралық актілер дайындау және оларға қол қою. Зерттеу арқылы тұрғындардың этникалық-мәдени білім алу қажеттіліктеріне үнемі талдау жасап отыру. Жаңа тұрпаттағы оқулықтармен оқу-әдістемелік әдебиеттерін әзірлеу жұмысына кірісу.

Екінші, негізгі кезеңнің мазмұны мектептерде, оқу орындарынан тысқары тәлім-тәрбие орындарында қос тілде білім беруді енгізу болуға тиіс.

Педагогика колледждерінде, институттар мен университеттерде көп тілде оқыту жөнінде мамандар даярлай бастау қажет. Мемлекеттік тілде оқытатын мамандар даярлап шығаруға ерекше көңіл бөлу керек. Мұғалімдер мен оқытушылар кадрларын, әсіресе, қазақ және орыс тілдерін оқытатын мұғалімдерді қайта даярлау жүйесін ретке келтірген жөн. Этникалық топтардың ана тілін жандандыру мақсатында олардың жинақы орналасқан жерлерінде мектепке дейінгі балалар мекемелерін, мектептерді, лицейлерді, гимназияларды дамытуды жалғастыра беру керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері үшін тәрбиелеу мен оқытудың, оқу-әдістемелік құралдардың бағдарламаларын дайындау қажет. Мектептерге "Қазақ тілі және шет тілдері", "Қазақстан халықтары мәдениетінің тарихы мен әлем мәдениеті" және т.б. біріккен курстарды енгізген жөн.

Ұлттық-мәдени орталықтарға жексенбілік мектептер мен үйірмелер жүйесі бар "Ана тілі" мәдени-ағарту бірлестіктерін құру мәселесін қарастыруға болады.

Мұражайлардың, фольклорлық-этнографиялық ансамбльдердің жұмысы үшін

жағдай жасап, кітапханаларды ұлттық тілдегі оқулықтармен, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеттермен, қажет болған жағдайда оларды Қазақстаннан тысқары жерлерден алдыру жолымен жабдықтау керек.

Үшінші, қорытынды кезеңде тәжірибелік және үлгілік оқулықтарды, оқу құралдары мен анықтамаларды, ұлттық тілдегі терминдер сөздігін әзірлеу жөніндегі жұмысты аяқтау көзделеді. Халық педагогикасының қазақстандық энциклопедиясы, ел этностарының фольклорлық мәтіндері мен тілдік ескерткіштері шығарылады. Жыл сайын көлемі жағынан ұлғайтылған оқулық басылымдары, көрнекі және анықтамалық құралдар, балалар үшін мәтіні бірнеше тілде қатар берілген суретті кітаптар, ертегілер мен аңыздар, қос тілдік және көп тілдік сөздіктер, тілашарлар мен тілді өздігінен үйренетін кітапшалар шығарылады. Этникалық топтар тіліндегі мерзімдік басылымдарды шығару жолға қойылады. Қазақстан этностары тілдерінде хабарлар беру үшін радио мен теледидарда уақыт бөлініп, оларда арнаулы оқулық хабарлар, тіл курсы және тағы басқалардың болуы қарастырылады.

Ұсынылған шаралардың жалпы бағыты Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени және мемлекеттік сәйкестілікке қол жеткізуге қызмет етуі тиіс.

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң	
П р е з и д е н т і	ж а н ы н д а ғ ы	
М е м л е к е т т і к	с а я с а т	ж ө н і н д е г і
ұ л т т ы қ к е ñ е с б е к і т к е н		